

Қазақстан халқы Ассамблеясы
Кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ

2021 жылғы «9» маусым
№21-35-4.1 хаттама

**Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық наградалары туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан халқы Ассамблеясы Қазақстан Республикасының азаматтарын және ерекше жағдайларда шетел азаматтарын, елдің тәуелсіздігіне, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтуға, мәдениетаралық диалог пен қазақстандық патриотизмді дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін:

1) Қазақстан халқы Ассамблеясының «Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық «Бірлік» алтын медалі» қоғамдық медалімен;

2) Қазақстан халқы Ассамблеясының «Жомарт жан» төсбелгісімен;

3) Қазақстан халқы Ассамблеясының Құрмет грамотасымен;

4) Қазақстан халқы Ассамблеясының Алғыс хатымен;

5) Қазақстан халқы Ассамблеясының «Алғыс» төсбелгісімен наградтайды.

Осы тармақтың 1) – 4)-тармақшаларымен көзделген Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық наградаларына Қазақстан Республикасының Президенті – Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы қол қояды, осы тармақтың 5)-тармағымен көзделген қоғамдық наградаға Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі ҚХА Хатшылығының меңгерушісі қол қояды. *(Қазақстан халқы Ассамблеясы қоғамдық наградаларының сипаттамасы 3-қосымшада).*

2. «Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық «Бірлік» алтын медалі» Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық медалінің мәртебесі

2. Қазақстан халқы Ассамблеясының «Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық «Бірлік» алтын медалі» қоғамдық медалі Қазақстан Республикасында ел бірлігін нығайтуға, татулық пен келісімді сақтауға және рухани мәдениетті дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін Қазақстан және шетел азаматтарының еңбегін қоғамның бағалауымен қолдауының жоғарғы белгісі болып табылады.

3. Қазақстан халқы Ассамблеясының «Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық «Бірлік» алтын медалі» қоғамдық медалімен наградтаудың негізгі талаптары:

1) Қазақстан Республикасында тәуелсіздікті, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтуға, этносаралық татулықты дамытуға қосқан елеулі үлесі;

2) азаматтық қағидаттарына негізделген қазақстандық бірегейлік пен бірлікті дамытуға қатысқаны;

3) мемлекеттік тілді топтастырушы фактор ретінде танымал етуге және дамытуға, жалпыұлттық мәдениетті, Қазақстан халқының тілдері мен дәстүрлерін дамытуға қосқан үлесі;

4) балалар мен жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде практикалық және тиімдіүлес қосуы;

5) мәдениетаралық диалогты дамытуға, халықтар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға, ұлттық мәдениеттерді, мемлекеттер арасындағы достық қарым-қатынасты жақындастыруға және өзара байытуға, халықаралық қоғамдастықта Қазақстанның беделін арттыруға қосқан үлесі.

3. Қазақстан халқы Ассамблеясының «Жомарт жан» төсбелгісінің мәртебесі

4. Қазақстан халқы Ассамблеясының «Жомарт жан» төсбелгісі Қазақстан Республикасында меценаттық және қайырымдылық қызметті дамытуға үлес қосқан азаматтардың еңбегін қоғамның бағалауы мен қолдауының белгісі болып табылады.

5. Қазақстан халқы Ассамблеясының «Жомарт жан» төсбелгісі азаматтарға:

1) елдегі мұқтаж азаматтарға әлеуметтік және қайырымдылық көмек көрсетуге бағытталған әлеуметтік маңызды жобаларды іске асырғаны үшін;

2) қоғам өмірін жақсартуға бағытталған істер мен әрекеттердің, жобалар мен бастамалардың жоғары әлеуметтік маңыздылығы үшін;

3) азаматтардың қоғамдық және әлеуметтік қызметінің тиімді бағыттарын насихаттағаны, меценаттық және қайырымдылық дәстүрлерін жаңғыртқаны үшін;

4) әлеуметтік бастамаларды қолдағаны және азаматтық белсенділіктің табысты тәжірибесін таратқаны үшін;

5) қайырымдылық және әлеуметтік маңызды жобалар туралы азаматтарға ақпараттаратуда белсенділік танытқаны үшін тапсырылады.

4. Қазақстан халқы Ассамблеясының Құрмет грамотасының және Қазақстан халқы Ассамблеясының Алғыс хатының мәртебесі

6. Қазақстан халқы Ассамблеясының Құрмет грамотасы Қазақстан халқының бірлігін, қоғамдық келісім мен қазақстандық патриотизмді нығайтуға елеулі үлес қосқан азаматтардың еңбегін қоғамның бағалауы мен мадақтауының белгісі болып табылады.

7. Қазақстан халқы Ассамблеясының Алғыс хаты ел бірлігімен қоғамдық келісімді нығайтуға елеулі үлес қосқан, гуманистік ізгілік мұраттарына және

қоғамның рухани дамуы жолында дәйекті қызмет еткен азаматтардың еңбегін қоғамның бағалауы мен мадақтауының белгісі болып табылады.

5. Қазақстан халқы Ассамблеясының «Алғыс» төсбелгісінің мәртебесі

8. Қазақстан халқы Ассамблеясының «Алғыс» төсбелгісі азаматтардың Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметіне және ел бірлігін нығайту мен Қазақстанның рухани құндылықтарын шоғырландыруға бағытталған әлеуметтік, мәдени және ақпараттық жобаларды іске асыруға белсенді қатысқаны үшін алғыс білдірудің белгісі болып табылады.

6. Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық наградасына ұсыну тәртібі

9. Қоғамдық бірлестіктер, орталық және жергілікті мемлекеттік органдар, Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылымдары, Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің мүшелері Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық наградаларына ұсынуға құқылы.

10. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қоғамдық келісім» РММ (бұдан әрі – «Қоғамдық келісім» РММ) Қазақстан халқы Ассамблеясының «Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық «Бірлік» алтын медалі» қоғамдық медалімен, Қазақстан халқы Ассамблеясының «Жомарт жан» төсбелгісімен, Қазақстан халқы Ассамблеясының Құрмет грамотасымен, Қазақстан халқы Ассамблеясының Алғыс хатымен награда тауға ұсынымдарды қабылдайды.

Азаматтарды кезекті наградаға ұсыну осының алдындағы награда тау сәтінен бастап үш жыл өткен соң жүргізіледі.

11. Қазақстан халқы Ассамблеясының «Алғыс» төсбелгісі осы ереженің 6-тарауымен көзделген рәсімдерден тыс тәртіпте, Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі ҚХА Хатшылығы меңгерушісінің бастамасы мен қарауы бойынша беріледі.

12. 9-тармақта аталған жеке және заңды тұлғалар «Қоғамдық келісім» РММ-ге келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) награда тау туралы өтініш;
- 2) белгіленген үлгідегі награда тау парағы (1-қосымша).

13. Награда тау парағына ұйымның басшысы қол қояды. Бірінші басшының награда тау парағына оның орынбасары қол қояды.

14. Шетел азаматтарын награда тауға ұсыну жалпы негізде жүргізіледі.

15. «Қоғамдық келісім» РММ ұсынылған құжаттардың осы ережеге сәйкестігін қарайды, жинақтайды және Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесі хаттамасының ажырамас қосымшасы болып табылатын награда тау туралы шешімнің жобасын мемлекеттік және орыс тілдерінде әзірлейді.

16. Қоғамдық наградалар бойынша ұсыныстарды алдын-ала қарау, квоталарды белгілеу және ұсыныстар дайындау үшін Қазақстан халқы Ассамблеясының Наградтау комиссиясы (бұдан әрі –Наградтаукомиссиясы) құрылады.

17. Наградтау комиссиясының құрамы лауазым бойынша осы ережемен айқындалады (2-қосымша).

18. Наградтау комиссиясының жұмыс органы «Қоғамдық келісім» РММ болып табылады.

19. Наградтау комиссиясы өз қызметінде Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы заңнаманы және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

20. Наградтау комиссиясы жұмыс қорытындысы бойынша хаттамамен рәсімделетін шешім қабылдайды және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясы Хатшылығына жолдайды.

21. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясы Хатшылығы наградаға ұсынылған кандидаттардың осы ереженің талаптарына сәйкестігін тексеру нәтижелері бойынша шешімнің жобасын Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің қарауына ұсынады.

22. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясы Хатшылығы ұсынылған кандидатуралар осы ереженің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда оларды қабылдамауға құқылы.

23. Кеңестің шешімі, егер отырысқа қатысып отырған Кеңес мүшелерінің кемінде үштен екісі оны жақтап дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

24. Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің отырысында қабылданған және Қазақстан Республикасының Президенті – Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының қолы қойылған шешім наградтау үшін негіз болып табылады.

25. Ерекше жағдайларда Қазақстан Республикасының Президенті – Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының шешімімен немесе оның тапсырмасы бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары – Хатшылық меңгерушісінің шешімімен Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық наградаларымен наградтау басқаша тәртіппен орындалуы мүмкін.

7. Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық наградаларын тапсыру тәртібі

26. Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық наградаларын Қазақстан Республикасының Президенті салтанатты түрде тапсырады. Қоғамдық наградаларды Қазақстан Республикасының Президенті – Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының атынан және оның тапсырмасымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі немесе басқа да уәкілетті тұлғалар тапсыра алады.

27. Қазақстан халқы Ассамблеясының «Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық «Бірлік» алтын медалі» қоғамдық медалімен

немесе Қазақстан халқы Ассамблеясының «Жомарт жан», «Алғыс» төсбелгілерімен наградталған әрбір адамға оның куәлігі қоса беріледі.

28. Барлық наградтау құжаттары Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясының Хатшылығында толтырылады.

29. Наградтау туралы құжаттар мерзімсіз болып табылады. Наградтау туралы құжаттарда түзетулер жасауға жол берілмейді. Наградталушының тегі, аты және әкесінің аты өзгергеніне байланысты наградтау туралы құжат ауыстырылмайды.

30. Наградталушы, награданы алғаннан кейін, әзірленген тізімге награданы алғаны туралы қол қояды.

31. Қоғамдық награданың тапсырылғаны туралы хаттама толтырылады, оған награданы тапсырушының қолы қойылады, тапсырған органның мөрімен бекітіледі.

32. Наградталушыға қоғамдық награда көзі тірісінде тапсырылмай қалған жағдайда немесе қайтыс болғаннан кейін наградталған жағдайда, награда мен құжаттары оның отбасына, естелік ретінде, сақтау үшін тапсырылады.

33. Наградталушы сырқаттануына немесе мүгедектігіне байланысты наградтау рәсіміне қатыса алмаған жағдайда, награданы оның үйінде немесе емдеу мекемесінде тапсыруға болады.

34. Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық наградаларын жергілікті жерлерде тапсыруды ұйымдастыру және өткізу жауапкершілігі, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстардың Ішкі саясат/қоғамдық даму басқармаларына жүктеледі.

8. Қазақстан халқы Ассамблеясы қоғамдық наградаларының қорытынды ережелері

35. Әдетте, наградалар жоғалған жағдайда олардың көшірме нұсқалары берілмейді. Өрттер, жер сілкіністері және басқа да табиғи апаттар салдарынан жоғалтқан жағдайларда, наградталған адам олардың жоғалуына тосқауыл бола алмау себепті ерекше жағдай ретінде марапаттау комиссиясының шешімімен ғана берілуі мүмкін.

36. Қоғамдық наградаларды жүйелеу және оларды тапсыру есебін жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясының Хатшылығы Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық наградалары жөніндегі деректер базасын жүргізеді. Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық наградалар жөніндегі деректер базасын техникалық және әкімшілік сүйемелдеуді «Қоғамдық келісім» РММ қамтамасыз етеді.

1-қосымша
Қазақстан Республикасы

(облыс/қала)

НАГРАДТАУ ПАРАҒЫ

1. Тегі, аты, әкесінің аты _____
 2. Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) _____
 3. Лауазымы, жұмыс орны, қызмет орны (кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның бөлімшесінің нақты атауын көрсету)
-
4. Жынысы _____
 5. Туған жылы мен жері _____
 6. Ұлты _____
 7. Білімі _____
 8. Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы _____
 9. Қазақстан Республикасының қандай мемлекеттік наградаларымен және қоғамдық наградалармен наградталды, наградталған күні: _____
 10. Тұратын мекенжайы: _____
 11. Жалпы еңбек өтілі _____
 12. Саладағы еңбек өтілі _____
 13. Осы еңбек ұжымындағы еңбек өтілі _____
 14. Қоғамдық қызмет өтілі _____
 15. Наградталушының нақты ерекше еңбегі көрсетілгенмінездemesі:

Кандидатура талқыланды және ұсынылды _____

(кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның атауы, талқыланған күні, хаттаманың № _____)

(награданың атауы)

ұсынылады.

	Облыс/қала ҚХА төрағасы, мекеменің, қоғамдық ұйымның басшысы _____ (Т.А.Ә.) _____ (қолы)
--	---

_____ ж. «_____» _____
(толтырылған күні)

* Ескерту: наградталушының тегі, атыжәнеәкесініңатыжеке куәлігібойыншатолтырыладыжәнеқазақжәнеорыстілдеріндегітранскрипциясыміндетті түрде көрсетіледі.

2-қосымша

Қазақстан халқы Ассамблеясының Наградтау комиссиясының құрамы

- Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясы Хатшылығы меңгерушісі – төрағасы;

- Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты,Қазақстан халқы Ассамблеясы депутаттық тобының жетекшісі – төрағаның орынбасары;

-«Қоғамдық келісім» РММ директорының орынбасары – хатшысы.

Мүшелері:

- Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Этносаралық қатынастарды дамыту комитетінің төрағасы;

- Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары;

- Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары;

-Қазақстан халқы Ассамблеясы Ғылыми-сарапшылық кеңесініңтөрағасы.

**Қазақстан халқы Ассамблеясының
«Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық
«Бірлік» алтын медалінің»
СИПАТТАМАСЫ**

Қазақстан халқы Ассамблеясының «Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық «Бірлік» алтын медалі (бұдан әрі – медаль) диаметрі 34 мм дұрыс шеңбер нысанында болады.

Медаль сарытүстіметалдан (жезден) дайындалады.

Бұйымның бет жағында (аверсінде) күңгірттенген бетте, жиегіне жақын шеңберде лавр дестесі орналасқан. Медальдің ортасында «уық» символын білдіретін, орталықтан бөлінетін сәулелер аясында көгілдір түсті эмальмен құйылған «шаңырақ» (әл-ауқаттың, бейбітшілік пен тыныштықтың символы) бейнеленген. «Шаңырақтың» астында жылтыр лентада «БІРЛІК» деген жазу орналасады. Лавр дестесі мен шаңырақтың арасында шеңбер бойымен «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ» деген жазу орналасады.

Аверс фоны жылтыр, бедері – шығыңқы күңгірт.

Медальдің сыртқы беті күңгірт. Медальдің төменгі бөлігінде медальдің реттік нөмірі жазылған жылтыр, шығыңқы алаңша орналасқан.

Медаль құлақша мен шығыршық арқылы ені 34 мм қатқыл жібек лентамен тысталған алты бұрышты тағанға жалғанады, Лента бес жолақтан: ортасында көгілдір түсті бір жолақтан, сары түсті екі жолақтан және жиектерінде көк түсті екі жолақтан тұрады. Төменгі бөлігі алтын түстес лавр бұтақтарымен көмкерілген. Тағанның артқы жағында медальді киімге бекітуге арналған визорлы бекіткіші бар түйреуіш жапсырылған.

Сипаттамаға қосымша

**Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық
«Бірлік» алтын медалі**



Материал: 1. Негізі - түсті металл
2. Алтынмен қапталған
3. Қатқыл лента
4. Эмаль
5. Визор бекіткіші бар түйреуіш

**Қазақстан халқы Ассамблеясының «Жомарт жан» төсбелгісінің
СИПАТТАМАСЫ**

Қазақстан халқы Ассамблеясының «Жомарт жан» төсбелгісі (бұдан әрі – төсбелгі) диаметрі 34 мм дұрыс шеңбер нысанында болады.

Төсбелгі сары түсті металдан (жезден) дайындалады.


Бұйымның күңгірт бет жағының (аверсі) орталық бөлігінде «шаңырақ» орналасқан, ол ашылған гүлді бейнелейтін жеті жүрекшемен қоршалған. Гүлдің бейнесі жартылай шеңбер бойымен қазақтың ою-өрнегімен көмкерілген, ал үстіңгі жағында «ЖОМАРТ ЖАН» деген жазу орналасқан. Төсбелгінің шеттері асыл тастармен көмкерілген.

Бұйымның алдыңғы жағы көк түсті эмальмен құйылған, бедері – шығыңқы күңгірт.

Төсбелгінің сыртқы жағы күңгірт, үстіңгі жағына бас әріптермен «ЖОМАРТ ЖАН» ТӨСБЕЛГІСІ деген жазу жазылған. Төсбелгінің сыртқы жағының төменгі бөлігінде «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ» деген жазу орналасқан және төсбелгінің реттік нөмірі жазылған.

Төсбелгі құлақша мен шығыршық арқылы ені 32 мм алты бұрышты жібек муар лентаға жалғанады. Лентаның түсі – көк, жиектері сары түсті қазақы ою-өрнекпен жиектелген. Лента жоғарғы жағынан жолаққа (ені 32 мм) бекітіледі. Таған қазақтың ою-өрнектері бейнеленіп, сары түсті металдан жасалады. Тағанның артқы жағында төсбелгіні киімге бекітуге арналған визорлы бекіткіш жапсырылған түйреуіш бар.

Қазақстан халқы Ассамблеясының «Жомарт жан» төсбелгісі



Материал: 1. Негізі - түсті металл
2. Алтынмен қапталған
3. Қатқыл лента
4. Эмаль
5. Визор бекіткіші бар түйреуіш
6. Фианит

Қазақстан халқы Ассамблеясының «Алғыс» төсбелгісінің

СИПАТТАМАСЫ

Қазақстан халқы Ассамблеясының «Алғыс» төсбелгісі (бұдан әрі – төсбелгі) диаметрі 34 мм дұрыс шеңбер нысанында болады.

Төсбелгі сары түсті металдан (жезден) дайындалады.

Бұйымның күңгірт бетінің алдыңғы жағында (аверсінде) шеңбер бойымен «ХАЛЫҚ БІРЛІГІН НЫҒАЙТУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ҮШІН», ал төменгі жағында «АЛҒЫС» деген жазу жазылған. Төсбелгінің ортасында Қазақстан халқының бірлігін бейнелейтін эмблема және шуақ шашқан күн сәулелері аясында қою көк түсті эмальмен боялған «шаңырақ» (әл-ауқаттың, татулық пен тыныштықтың символы) бейнеленген.

Аверс фоны қою көк түсті эмальмен кұйылған, шеттері – күңгірт, бедері – шығыңқы күңгірттелген.

Төсбелгінің сыртқы жағына бас әріптермен «ХАЛЫҚ БІРЛІГІН НЫҒАЙТУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ҮШІН «АЛҒЫС» ТӨСБЕЛГІСІ» деген жазу жазылған. Төсбелгінің сыртқы жағының төменгі бөлігінде «Қазақстан халқы Ассамблеясы» деген жазу орналасқан.

Төсбелгі құлақша мен шығыршық арқылы ені 28 мм алты бұрышты жібек муар лентаға жалғанады. Лента үш жолақтан – ортасында бір сары түсті жолақ, жиектерінде екі қою көк түсті жолақтан тұрады, ол жоғарғы жағынан қазақтың өрнектері бейнеленген сары түсті металл тағанға (ені 32 мм) қосылады. Тағанның артқы жағында төсбелгіні киімге бекітуге арналған визорлы бекіткіш жапсырылған түйреуіш бар.

**Қазақстан халқы Ассамблеясының
«Алғыс» төсбелгісі**



- Материал: 1. Негізі - түсті металл
 2. Алтынмен қапталған
 3. Қатқыл лента
 4. Эмаль
 5. Визор бекіткіші бар түйреуіш

